

## Азаматтардың жекелеген санаттары үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Солтүстік Қазақстан облыстық әкімдігінің 2010 жылғы 26 қарашадағы N 326 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2010 жылғы 15 желтоқсанда N 1764 тіркелді. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2016 жылғы 26 мамырдағы N 180 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды – Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 26.05.2016 N 180 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 Заңының 7-бабы 5-5) және 5-6) тармақшаларына, 9-бабы 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Облыстың жұмыс берушілеріне жұмыс орындарына мынадай квота белгіленсін:

қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін жұмыс орындары жалпы санының бір пайызы мөлшерінде;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындары жалпы санының бір пайызы мөлшерінде;

интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындары жалпы санының бір пайызы мөлшерінде.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2012.08.03 N 207 Қаулысымен (алғаш ресми жариялаған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары С.С. Ескендіровке жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғаш ресми жариялаған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*С. Біләлов*